

27 Калинин П.А., Значение и роль принципов законодательства в его систематизации // Вестник Саратовской государственной юридической академии. – 2012. – №6 (89). – С. 54-60.

28 Богдановская И.Ю. Закон в английском праве. – М.: Наука, 1987. – 143 с.

29 Систематизация законодательства в Российской Федерации / под ред. А.С. Пиголкина. – СПб.: Юрид. центр Пресс, 2003. – 382 с.

30 Указ Президиума Верховного Совета СССР от 01.10.80 г. «О праздничных и памятных днях» от 01.10.1980 г. №3018-Х. URL: <https://base.garant.ru/183590/>.

31 Головистикова А.Н., Дмитриев Ю.А. Проблемы теории государства и права: учебник. – М.: Эксмо, 2005. – 832 с.

32 Телибекова И.М. Проблемы систематизации источников страхового права // Право и государство: теория и практики. – 2021. - №7 (199). – С. 22-24.

33 Указ Президента РК «Об утверждении Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы» от 07.12.2010 г. №1118. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>.

34 Закон РК «О государственной образовательной накопительной системе» от 14.01.2013 г. №67-V. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31320507&.

35 Сергеев М.И. Из истории страхования в России (советский период) // Инновационная наука. – 2015. – №6-1. – С. 148-151.

36 В Казахстане могут появиться три новых страховых продукта. URL: https://ffin.kz/?utm_source=kapital_kz&utm_medium=vidget_mobile&utm_campaign=Global_mkting_vidget_2021.

37 Lynn Mitchell (2006): Help for low-income families life for education (RePEc: fip: fedbcb: y: 2006: i: fall: p: 16-19. URL: <http://www.bostonfed.org/commdev/c&b/2006/fall/helpforlowincomefa.pdf>).

38 Douglas, Roger, 2021. "Funding Our Future," [Studies in Applied Economics](https://sites.krieger.jhu.edu/iae/files/2021/08/Funding-Our-Future.pdf) URL: <https://sites.krieger.jhu.edu/iae/files/2021/08/Funding-Our-Future.pdf>.

39 Бурыхин Б.С., Затепакин О.А. Обеспечение качества образования на основе государственного образовательного страхования // Вестн. Том. гос. ун-та. Экономика. – 2011. – №3 (15). – С. 193-206.

40 Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Концепции обучения в течение всей жизни (непрерывное образование)» от 08.07.2021 г. №471. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000471>.

41 Ударцев С.Ф. Сильное государство: вопросы теории // Право и государство. – 2016. - №2 (71). – С. 6-14.

ЕЛДІҢ ЖАНЫ ЗАҢДА, ЗАҢ ҚУАТЫ ТІЛДЕ

*Тоқатов Р. А., Мырзалиева Ж.Т., аға оқытушы, заң ғылымдарының магистрі,
академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің азаматтық және еңбек
құқығы кафедрасы*

Жетпіс жылдың «қыл көпірінен» аттап өту қазақ үшін бәрінен де ауыр болды. Сүйегі шашылып жатқанда, сөзді түгендеген бұл өмірде кім бар? Отаршылдар басымыздағы бағымызды, алдымыздағы малымызды тартып алумен тынбай, тілімізге тиек, аузымызға қақпақ қойды. Нәтижесінде, ана тіліміз айдалада қалып, бір-бірімізге орысша шүлдірлейтін күн туды. Сөйтіп, арада отыз жыл өткенде, кешегі «мұрттары көкке шаншылып», күмбір-күмбір сөйлейтін асау-арда дала қазағының орнын өз тілін ұмыта бастаған қаланың «шала қазағы» басты [1].

Тіл теңізінде емін-еркін жүзбеген, рухын бойына сіңірмеген жандар қайдан білсін. Ал тереңіне бойлап, дәмін тұшынған адамға қазақ тілі– халық қазынасының тұтас бір қоймасы іспетті. Өйткені бертінге дейін жазу-сызуы жалпыласпаған көшпенділер өз

бойындағы бар асылын тілмен өрнектеп, өзінің дақ түспеген таза зердесіне сақтаған ғой. Ал адам зердесі жансыз қағаз емес – жоқтан өзгенің бәрін жинай беретін. Ол тек ақыл-ойдың інжу-маржанын ғана іріктеп алды. Қазақ даласы – бүкіл түрік әлемінің қара шаңырағы десек, сол туыс тілдер ішіндегі ең байырғысы да, көп өзгеріске ұшырамаған тазасы да– қазақ тілі екендігін бұл күнде сонау Анадолы түріктерінен бастап, бүкіл қандас бауырларымыз түгел мойындайды. Олай болатыны, «тілтас жарады, тас жармаса бас жарады» деп түсінген бабаларымыз бұл өнерге айрықша мән берген. Оққа тоқтамаған жерде сөзге тоқтаған. Қара қылды қақ жарған кемеңгер билеріміз кезінде ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен екен. Ақындар мен шешендер дау-талас, айтыс үстінде аталы сөзді аттап өтпей, жолдан жығылып, сөзден сүрінгенін ерлерше мойындап, «ой, тіліңе шок түссін!» деп отыра кеткен деседі [2].

Тіл мәселесі қазіргі таңда әсересе қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуші заңшығармашылық үрдісінде елеулі алаңдатушылық білдіруде. Оған басты себеп отанымызда қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуші нормалардың қазақ мәтініндегі баспалары ұшан теңіз қатеден көз ашпауында. Солардың бірегейі болып отырған қоғамдық қатынастардың тоқсан тоғыз пайызына қатысы бар азаматтық кодексе баптарын қазақ тілінде рәсімдеудегі аудармадағы негізгі қателер жөнінде болмақ.

Мемлекетіміздің отыз жылдық егемендігінің басты көрсеткіштерінің бірі болып елдегі қоғамдық қатынастарды құқықтық реттейтін заңнаманың пәрменді және дәрменді болуында. Елдің тәуелсіздігі алдымен қоғамдағы ұлттық негізді қалыптастыратын үш басты мәселемен тығыз байланысты. Оларға біз: тіл, діл және дінді жатқызамыз. Осылардың ішінде бастысы тіл аса маңызды орын алады, себебі тіл дұрыс болса діл дұрыс болады, ал ділі дұрыс елдің діні дұрыс болады. Осы үш элемент елдің болашағының негізін қалыптастырушы басты құралдар болып табылады. Егер осылардың мемлекетімізде дамуын дұрыс жолда ұстасақ болашақ жарқын болары ақиқат. Бұл үшеуінің ішінде негізгі біздің көңіл бөлгеніміз отырған мәселеміз ол тіл мәселесі. Отыз жыл егемендігімізді атап өткенімізбен қазақ тілі мәселесі әліде көкейкесті мәселелердің бірегейі болып отыр. Өз еліңді өгей орын алып отырған қазақ тілі қазіргі таңда қарын аштыратын мәселелердің бірегейі екендігі сөзсіз шындық. Отыз жылдық егемендік алғалы парламент қабырғасынан не бәрі екі ғана заң қазақ тілінде қабылданған, оларға: 1997 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» және 2002 жылы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңдарын жатқызамыз [3]. Сонымен қатар бізде барлық заңдар орыс тілінде қабылданып олар қазақ тіліне аударылады, ал аударма сапасы сын көтермейді. Халық арасындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуші басты құрал болып заң табылады. Егер осы заңдар сауатсыз қабылданып үнемі қайшылықтарға толы болса, оны қолданушы адамдар мен олардың арасында қалыптасатын қатынастар шиеліністерден бас көтертпейтін болады. Заңгер мамандардың басты қазіргі таңдағы мәселелерінің бірі болып қазақ тілінде қалыптастырылған заңдарды түсіну мен түсіндіру болып табылады. Егер басшылыққа алынатын заңдардың өзі қате жазылатын болса онымен қандай қатынастарды реттеп жарытамыз деген сұрақ туады.

Құқықтық актілер туралы 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңының 24-бабында нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар көрсетілген, ал 3 тармақшасында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс» делінген [4]. Олай болса біз зерттеуге алып отырған азаматтық құқық саласын реттейтін азаматтық кодекске көз жүгіртіп көрелік. Соның негізінде бұл талаптардың яғни қазақ және орыс мәтіндегі аударылымдардың теңтүспалығы қаншалықты сақталғанын анықтаймыз. Азаматтық кодекстің келесі баптарын зерттеу арқылы оларды талдап көреміз. Мысалы азаматтық кодекстің ерекше бөлімі міндеттемелердің жекелеген түрлері 25-тарау, 406-бап. Сатып алу-сату шартында орысша мәтіндегі «оперативное управление» деген сөзді қазақшаға «жедел басқаруына» деп аударған, бірақ осы кодекстің өзгеде баптарында және ресми аудармаларда бұны «оралымды басқаруына» деп аударған. Сонымен қатар осы баптың 6

тармақшасында орысша мәтіндегі « При продаже имущества в порядке, установленном для исполнения судебных решений, в качестве продавца выступает судебный исполнитель.» деген сөйлемде «выступает» деген сөзді қазақша «Сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен мүлікті сату кезінде сот орындаушысы сатушы ретінде шығады.» мәтінде «шығады» деп аударған. Бірақ бұл дұрыс емес, дұрысы «выступает» деген сөзді қазақша «Сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен мүлікті сату кезінде сот орындаушысы сатушы ретінде әрекет етеді.» яғни «әрекет етеді» деп аударған дұрыс.

Мәселен Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің көптеген баптарында «лицо» деген орыс мәтіндегі сөзді «адам» деп аударған, бұл азаматтық құқықтық доктринасы тұрғынан қате болып есептеледі. Мысалы, орыс мәтіндегі: «Статья 163. Представительство [5]. Сделка, совершенная одним лицом (представителем) от имени другого лица (представляемого) в силу полномочия...» деген сөйлемінде «лицо» деген сөзді қазақ мәтіндегі: «163-бап. Өкілдік 1т. Басқа адамның (өкілдік берушінің) атынан бір адамның (өкілдің)», бұл жерде «лицо» деген сөзін «адам» деп аударған. Негізі «лицо» деген орыс мәтіндегі сөзді «тұлға» деп аударған дұрыс сонда жоғарыдағы мәтін келесі түрде рәсімделуі тиіс: «163-бап. Өкілдік 1 т. Басқа тұлғаның (өкілдік берушінің) атынан бір тұлғаның (өкілдің)» деп жазылса құқықтық қатынастағы субъектілер ауқымы кішірейіп қалмайды. Сонымен «лицо» сөзін «адам» деп аударсақ азаматтық құқықтағы өзге де субъектілер бұл қатынастың қатысушылары бола алмайды, сол себепті «тұлға» дейтін болсақ оның құрамына жеке тұлғалар, яғни адам, сонымен қатар заңды тұлғаларда кіреді.

Сонымен қатар азаматтық кодекстің орыс мәтіндегі: «Статья 167. Доверенность п. 4 «командованием соответствующих воинских частей» деген сөйлемді қазақ мәтіндегі «167 бап Сенімхат. 4 т. әскери бөлімдердің командованиесі» деп қате аударған. Дұрысы: «167 бап Сенімхат. 4 т.әскери бөлімдердің қолбасшылығымен» деген сөзбен аударылуы тиісті. Бұл жердегі орыс мәтіндегі «командованием» деген сөзді қазақ тіліне мүлдем аудармай кеткен. Азаматтық кодекстің орыс мәтіндегі: «Статья 168. Срок доверенности. п. 2. Доверенность, в которой не указана дата ее выдачи, является ничтожной.» деген сөйлемдегі «ничтожной» деген сөзді кодекстің қазақ мәтіндегі «маңызсыз» деп аударған, ресми аударылымдарда бұл сөз «мәнсіз» деп аударылады. Азаматтық кодекстің орыс мәтіндегі: «Статья 178. Сроки исковой давности» – деген баптың атауы қазақ тіліндегі мәтінде: «178-бап. Талап қою мерзімдері» – деп қате аударылған. Сөзбе-сөз аударатын болсақ сроки – мерзімдер, иск – талап, давность – ескіру, өту деген мағыналарды береді. Бұдан қазақ мәтіндегі жазылған аударманың толық еместігі көрінеді. Орыс мәтіндегі «давность» сөзінің ресми басылым аударымында қалып қоюы баптың толық мән мағынасын өзгертіп жібереді. Бұл бапты дұрыс аударар болса: «178-бап. Талап қоюдың ескіру мерзімдері» – деп аударылуы керек. Орыс мәтіндегі «Статья 183. Перерыв течения срока исковой давности» – деген баптың атауы қазақ тіліндегі мәтінде: «183-бап. Талап қою мерзімінің өтуіндегі үзіліс» – деп толық аударылмаған. Бұл жерде орыс мәтіндегі «давность» сөзінің аударылмай қалып қойғанын көреміз. Егер қазақ тіліндегі баптың дұрыс рәсімделуіне келер болсақ ол: «183-бап. Талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуіндегі үзіліс» – деп жазылуы тиіс. Сонымен қатар осы бапта орыс мәтіндегі: «обязанным лицом» сөздерін қазақша: «міндеткер адамның» деп қате аударған, дұрысы: «міндетті тұлғаның» деген сөздермен аударылуы керек.

Азаматтық кодекстің 189-бап. Мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығы бабының екінші тармақшасында «обладавшему вещию недобросовестно и неправомерно» деген сөзді қазақша «күтімсіз және заңсыз ұстаған» – деп аударған. Ал «күтімсіз» сөзінің орысша аудармасы «без ухода», «беспечный» деген мағыналар береді. Ал «обладавшему неправомерно» сөзі «заңсыз ұстаған»- аударылуы дұрыс емес деп есептейміз, орнына «заңсыз ие болған»- деген сөзді қолданған дұрыс деп есептейміз. Демек бұл жерде аудармашылар 189 баптың 2 т. қате аудару барысында заңның мағынасы өзгертілгендігін

көреміз. Орыс мәтіндегі «недобросовестно и неправомерно» сөзі қазақша мәтінде «адал ниетсіз және заңсыз ие болған» – деп аударылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабы Міндеттемені тиісінше орындау анықтамасында орыс мәтіндегі: «обычаями делового оборота» сөздерін қазақша: «іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға» деп аударған. Заң техникасына сәйкес бұл сөздер қазақ тілінде «іскерлік айналымдағы әдет-ғұрыптарына» деп аударылуы керек.

Азаматтық кодекстің 324-бап. Кепілге салынған мүлікті күштеп алу салдары бабындағы «предмет» деген орыс мәтіндегі сөзі – «нәрсе» деген сөзімен аударған. «Нәрсе» сөзін орыс тіліне аударғанда «вещь» немесе «что-то» деген аудармалар береді. Ал бұл аудармалар осы және кодекстің өзгеде жерлеріндегі қолданысына мүлдем келмейді. «Предмет» сөзінің ресми аударма сөздіктеріндегі сөзі «пәні» – деп аударылады. Сол себепті азаматтық кодекстегі «предмет» деген орыс мәтіндегі сөзі ресми «пәні» деп аударылуы тиіс.

Сондай ақ 324 баптың 1 тармағында «являющееся предметом залога» сөздер «кепілге салынатын мүлікке» деген сөздермен аударылған, бұл жерде сәйкесінше «кепіл пәні болып табылатын»– деп аударылуы керек.

Азаматтық кодекстің орыс мәтіндегі: «статья 325 п.1 Залогодержатель вправе передать свои права по договору о залоге другому лицу с соблюдением правил о передаче прав кредитора путем уступки требования» – сөйлемі қазақша нұсқадағы мәтінде дұрыс аударылмаған. Себебі 325-баптың 1 тармағында «Кепіл ұстаушы кепіл туралы шарт бойынша несие берушінің құқықтарын беру туралы ережелерді сақтай отырып талапқа көну арқылы өз құқықтарын басқа жаққа беруге құқылы» –деп аударылған. Бұл жерде «другому лицу» – деген сөз «басқа жаққа» –деп аударылған. Жоғарыда көрсетіп кеткендей «лицо» деген орыс мәтіндегі сөзді «тұлға» деп аударған дұрыс, сонда «басқа тұлғаға» –деп жазылуы керек. Сонымен қатар 325 баптың 1 тармағында «талапқа көну арқылы» – сөзі артық болғандықтан мәтіннен алып тастау керек.

Құқықтық актілер туралы 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңының 1 -бабының 7 тармақшасында «законодательный акт»-сөзі осы заңның қазақша мәтінде «заңнамалық акт»-нұсқасында аударылады. Ал 1- баптың 16) тармақшасында «законодательство»-сөзі осы заңның қазақша мәтінде «заңнамасы»-нұсқасында берілген. Құқықтық актілер туралы заңда осы ұғымдарға анықтама берілген және осы сөздерді басқа құқықтық актілердің мәтінін жазу барысында өзгертпей қолдану керек деп ойлаймыз. Бірақ та азаматтық кодекстің баптарында дұрыс қолданылмайды. Мысалы: азаматтық кодекстің Статья 292. Способы обеспечения исполнения обязательства. Орыс мәтіндегі «законодательством» сөзі-қазақша мәтінде «заңдарда»-деген сөзімен аударылған. Егер қазақ тіліндегі баптың дұрыс рәсімделуіне келер болсақ, бұл жерде «заңнамада»-сөзі жазылуы керек. Себебі, азаматтық кодекстің қазақ мәтіндегі 292-баптың 1 тармағында «заңдарда»-сөзін орыс тіліне аударғанда «в законах» деген аударманы береді.

Сондай-ақ азаматтық кодекстің орысша мәтінде статья 331. Основания и форма гарантии и поручительство п.1 «законодательством»-сөзі қазақ мәтінде «заңмен»-сөзімен қате аударылған. Ал қазақ мәтіндегі 331 баптың 1 тармағында «заңмен»- сөзін орыс тіліне аударғанда «законом»– деген аударманы береді, бұл жерде негізі «заңнамамен»-сөзі жазылғанда дұрыс болады деп есептейміз. Азаматтық кодекстің басқа баптарын да қарастыру барысында осындай «заңнамасы», «заңнамалық акт», «заң» сияқты ұғымдар дұрыс қолданылмайтынын көреміз. Жазу және сөйлеу барысында бұл ұғымдарды шатастырмай нақты ажыратып қолдануымыз керек.

Азаматтық кодекстің 332-бабы Кепілдік берушінің және кепіл болушының жауапкершілігі бабында орыс мәтіндегі «неустойка» деген сөз қазақ мәтінде «айыпақы» деген сөзімен аударылған. Орнына «тұрақсыздық айыбы» – деген сөзбен аударған дұрыс деп ойлаймыз. Себебі «айыпақы» сөзін орыс тіліне аударса «штраф» деген мағына береді [6]. Ал азаматтық кодекстің Параграф 2. 293-298 баптар аралығы Айып төлеуді қарастырады. Соның ішінде 295 бап. Заңды айып төлеу. Осы баптар орысша

нұсқасында «Неустойка» деп жазылған. Осыдан бір сөзін әр бапта әр түрлі қолданатынын және оқу барысында түсініспеушіліктердің туындауына алып келетінін көреміз. Азаматтық кодекстің 293-298 баптарында, бұл жерде де «тұрақсыздық айыбы»–деген сөзді аудару барысында қолданылғаны дұрыс деп ойлаймыз.

Сонымен қатар азаматтық кодекстің «Кепілдік берушінің өзіне несие беруші талаптар қойған жағдайдағы құқықтары мен міндеттері» 333-бабында «предъявлен иск» деген орыс мәтініндегі сөзі қазақ мәтінінде «қуыным» деген сөзімен аударылған орнына «талап қою» – деген сөзбен аустырылған заң техникасы жағынан орынды есептейміз. Бұндай мысалдар азаматтық кодексті қарастыру барысында өте көп кездеседі. Отыз жыл егемендігіміздің жеткен жетістігінің басты белгілерінің бірі болып қоғам арасындағы қатынастардың дұрыс реттелуі болып табылады. Бұл орайда заңның алатын орны аса маңызды. Ал заң қате қалыптастырылса онда қандай құқықтық мемлекет құру туралы әңгіме көтерілуі мүмкін. Азаматтық қатынасқа түсуші тараптар арасындағы қатынастарды реттеуші заңдар сауатсыз қалыптастырылса тұлғаның құқықтары қаншалықты толық қорғалады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында көрсетілгендей «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» [7]. Біз нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тілде жазылуын қолдаймыз. Қазіргі заманда тілдің мемлекеттік мәртебені алып жүруі, оның толыққанды тәуелсіздігіне тікелей байланысты. Ал, тіл тәуелсіздігі заман талабына сай өмірдің барлық қарым-қатынас құралы бола алатындай оның қабілеті мен мүмкіндіктеріне тіреледі. Тілдер туралы заңның 5-бабына келсек, «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Мүмкін осы бап бізді шатастырып жүрген шығар, негізгі деп үш тілді атап, олардың дамуын арттыра отырып, өзіміз қазақ тілінің дамуын тежеп отырмызба деген ойларда орын алады. «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте», – деп талантты ақын Қадыр Мырза Әли бекер айтпаған [8]

Әрине тіл еркіндігі бар, адам құқықтары да қорғалады, бірақ «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, – деп Ахмет Байтұрсыновтың сөзін алға қойғымыз келеді [9] .

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № AP09259787).

Әдебиеттер тізімі:

1 Туған тіл – тұғырың «Тіл және қоғам» №3 (41) / 2015 <https://emirb.org/til-jene-ofam-3-41--2015-til-jene-ofam-3-41--2015-alemanah.html?page=2>

2 «Ұлттың жаны – тілде» «Тіл және қоғам» [https://emirb.org/til-jene-ofam-3-41--2015-alemanah.html?page=2](https://emirb.org/til-jene-ofam-3-41--2015-til-jene-ofam-3-41--2015-alemanah.html?page=2)

3 Заң неге мемлекеттік тілде жазылмайды? Ата заңда қателік қалай кеткен? – Қол жеткізу режимі: <https://informburo.kz/kaz/za-nege-memlekettk-tlde-zhazylymaydyata-zadatelk-alay-ketken.html>.

4 «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>.

5 Оразалинов С. Ш., Айымбетов М. А., Бадаубай Б. К., Ақыпбекұлы Ө. Заң терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2007.

6 Сапарғалиев Г. С. Русско-казахский словарь юридических терминов и понятий . – Қол жеткізу режимі: <http://online.zakon.kz/30355569>.

7 «Қазақстан Республикасының Конституциясы» 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. – Қол жеткізу режимі: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_.

8 Өтемұрат О. Мемлекеттік тілде заң жазуға не кедергі. – Қол жеткізу режимі: <http://www.egemen.kz>

8 Мадибекова Д. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте. – Қол жеткізу режимі: <https://www.astana-akshamy.kz/ozge-tilding-barin-bil-oz-tilingdi-qurmette/>.

9 Құрманбайұлы Ш. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминологиясы. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/12246>.

ПРАВО НА ТРУД: СУЩНОСТЬ И ОСОБЕННОСТИ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОГО ЗАКРЕПЛЕНИЯ

Уварова Н. В. доктор юридических наук, доцент, профессор кафедры гражданского права и процесса Днепрпетровского государственного университета внутренних дел г. Днепр, Украина

В современных условиях глобализация в целом и сопутствующие ей процессы в частности, осуществляют непосредственное влияние на права человека и меры их обеспечения. Национальные правительства при совершенствовании правовых механизмов обеспечения прав человека все чаще обращаются не только к собственному историческому опыту, но и к наиболее эффективным зарубежным моделям.

В указанном аспекте вызывают интерес не только фундаментальные, но и социально-экономические права, к числу которых относится и право на труд. Значение обеспечения и реализации этого права выходит сегодня за рамки регулирования на уровне национального законодательства. Все чаще право на труд касается вопросов трудоустройства за рубежом, онлайн занятости, «фрилансинга», и прочих явлений, еще недавно не ассоциирующихся с необходимостью должного правового регулирования.

Интересным тут становится соотношение права на труд в Конституциях отдельных государств с проведением анализа особенностей закрепления и сущности такого права для чего мы рассмотрим опыт Украины и Республики Казахстан.

Право на труд нашло отражение в Конституции Украины (далее – КУ) от 28.06.1996. Так, статьей 43 КУ провозглашено право каждого на труд, включающий возможность зарабатывать себе на жизнь трудом, который он свободно выбирает или на который свободно соглашается. При этом, государство создает условия для полного осуществления гражданами права на труд, гарантирует равные возможности в выборе профессии и трудовой деятельности, реализует программы профессионально-технического обучения, подготовки и переподготовки кадров в соответствии с общественными потребностями. Кроме того, запрещается использование принудительного труда. Не считается принудительным трудом военная или альтернативная (невоенная) служба, а также работа или служба, выполняемая лицом по приговору или иному решению суда или в соответствии с законами о военном и чрезвычайном положении.

Право на труд, согласно КУ, включает также право на надлежащие, безопасные и здоровые условия труда, на заработную плату, не ниже определенной законом. Использование труда женщин и несовершеннолетних на опасных для их здоровья работах запрещается. Гражданам гарантируется защита от незаконного увольнения (*работодатель может быть привлечен даже к уголовной ответственности – прим. наше*). Право на своевременное получение вознаграждения за труд защищается законом [1].

Конституционный Суд Украины отмечает, что сущность права на труд, закрепленного статьей 43 Конституции Украины, кроме свободного выбора труда включает также соответствующие гарантии реализации этого права. Свободный выбор предполагает разнообразие условий труда, однако устойчивыми (обязательными) являются гарантии защиты работника от незаконного увольнения при любых условиях труда [2].